

Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі № 43 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 4 мамырда № 3-5-156 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 24 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2013.01.29 № 24 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 27 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірғыз аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі шақыру күні 18 жасқа толған және мерзімді әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ еркек жынысты азаматтарды, сол сияқты шақырылуын кейінге қалдыру құқығын жоғалтқан азаматтарды 2012 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды жүргізсін.
2. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Шақыруды өткізу жөніндегі іс-шараларды орындауға байланысты

шығындар жергілікті бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылсын.

4 . Ұ с ы н ы л с ы н :

1) «Ырғыз аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) шақыру бойынша іс-шаралар жүргізу;

2) Ырғыз аудандық ішкі істер бөліміне (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүзеге асыру.

5. Селолық округтер әкімдері, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және оқу орындарының басшылары шақырылушыларға шақыру учаскесіне шақырылғаны туралы хабарлауды және осы шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз е т с і н .

6. «Ырғыз аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (М.Ыбраев) аудан әкіміне 2012 жылдың 5 шілдесіне және 2013 жылдың 5 қаңтарына шақыру нәтижелері туралы ақпарат берсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Шахинге және «Ырғыз аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы М.Ыбраевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

М. ДУАНБЕКОВ

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

0 4 . 0 4

№

4 3

қаулысына қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Шахин Аққанат	Ырғыз ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
Ыбраев Манас	Ырғыз ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Назарбаев Еркін	Ырғыз аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, (келісім бойынша)
Малдығұлова Гүлайым	аудандық орталық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша)
Жаспанова Жаңыл	аудандық орталық аурухананың мейірбикесі, медициналық комиссия хатшысы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК